SONY

4-476-201-**41**(1) (KZ)

# Blu-ray Disc™ / DVD ойнатқышы

## Пайдалану нұсқаулары

Сатып алғаныңызға алғыс білдіреміз.
Бұл ойнатқышты пайдаланбастан бұрын,
мына нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз.


Іске кірісу

Ойнату

Интернет

Параметрлер және реттеулер

Қосымша ақпарат





Blu-ray Disc™

BDP-S6200

# АБАЙЛАҢЫЗ

Өрт шығу немесе ток соғу қаупін азайту үшін бұл құрылғыға тамшы, шашыранды тигізбеңіз және гүлсауыттар сияқты сұйықтыққа толы заттарды құрылғының үстіне қоймаңыз.

Ток соғуға жол бермеу үшін құрылғының корпусын ашпаңыз. Тек білікті қызмет көрсетуші мамандарға хабарласыңыз.

Электр сымын арнайы қызмет көрсету орталығында ғана ауыстыру керек.

Батареяларды немесе батареялар салынған құрылғыларды күннің көзі және өрт сияқты ыстық жерлерге шығармаңыз.

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Оптикалық құралдарды осы өніммен пайдалану көзге қауіп төндіреді. Бұл Blu-ray Disc/DVD ойнатқышында пайдаланылатын лазер сәулесі көзге зиян болғандықтан, құрылғының корпусын бөлшектемеңіз. Тек білікті қызмет көрсетуші мамандарға хабарласыңыз.

CAUTION CLASS 3R VISIBLE AND INVISIBLE LASER RADIATION WHEN OPEN. AVOID DIRECT EYE EXPOSURE.
VORSICHT KLASSE 3R SICHTBARE UND UNSICHTBARE LASERSTRAHLUNG WENN GEÖFFNET. UNMITTELBAREN AUGENKONTAKT VERMEIDEN.
ADVARSEL SYNLIG OG USYNLIG LASERSTRÅLING AF KLASSE 3R VED ÅBNING. UNDGÅ AT SE DIREKTE PÅ STRÅLEN.
ADVARSEL SYNLIG OG USYNLIG LASERSTRÅLING I KLASSE 3R NÅR DEKSEL ÅPNES. UNNGÅ DIREKTE EKSPONERING AV ØYNENE.
VARNING KLASS 3R SYNLIG OCH OSYNLIG LASERSTRÅLNING NÄR DENNA DEL ÄR ÖPPNAD. UNDVIK ATT DIREKT EXPONERA ÖGONEN FÖR STRÅLNINGEN.
VARO! AVATTUNA LUOKAN 3R NÄKYVÄÄ JA NÄKYMÄTÖNTÄ LASERSÄTEILYÄ. VÄLTÄ KATSEEN SUORAA ALTISTAMISTA.
警告 打开时有3R类可见和不可见激光辐射，避免眼睛受到直射的照射
注意 打開時有第3R類可視及不可視雷射輻射，避免眼睛直接暴露.

Бұл жапсырма корпусындағы лазерден қорғайтын қабатта орналасқан.

CLASS 1 LASER PRODUCT
LASER KLASSE 1
LUOKAN 1 LASERLAITE
KLASS 1 LASERAPPARAT

Бұл құрылғы CLASS 1 LASER өнімі деп жіктеледі. 1-ДӘРЕЖЕЛІ ЛАЗЕР ӨНІМІНІҢ БЕЛГІСІ артқы жағында орналасқан.



## Ескі электр және электрондық жабдықты қоқысқа тастау (Бөлек жинау жүйелері бар Еуропалық одақта және басқа еуропалық елдерде қолданылады)

Өнімдегі немесе оның қаптамасындағы бұл таңба бұл өнімге тұрмыстық қалдық ретінде қарамауын білдіреді. Оның орнына электрлік және электрондық жабдықты кәдеге жарату мақсатымен оны арнайы жинау орнына тастау керек. Бұл өнімнің дұрыс тасталуын қамтамасыз ете отырып, бұл өнімнің қалдық ретінде тиісінше тасталмауынан қоршаған ортаға және адам денсаулығына тиетін ықтимал кері әсерлерге жол бермейсіз. Материалдарды кәдеге жарату табиғи ресурстарды сақтауға көмектеседі. Бұл өнімді кәдеге жарату туралы толығырақ ақпарат алу үшін жергілікті тиісті қалалық мекемеге, тұрмыстық қалдық тастау қызметіне немесе өнім сатып алынған дүкенге хабарласыңыз.




## Қалдық батареяларды қоқысқа тастау (Бөлек жинау жүйелері бар Еуропалық Одақта және басқа да еуропалық елдерде қолданылады)

Батареядағы немесе қаптамасындағы бұл таңба өнімдегі батареяға тұрмыстық қалдық ретінде қарамауын білдіреді. Белгілі бір батареяларда бұл таңба химиялық таңбамен бірге пайдаланылуы мүмкін. Батарея құрамында 0,0005% сынап немесе 0,004% қорғасын болса, сынаптың (Hg) немесе қорғасынның (Pb) химиялық таңбалары қосылады. Бұл батареялардың дұрыс тасталуын қамтамасыз ете отырып, батареяның қалдық ретінде тиісінше тасталмауынан қоршаған ортаға және адам денсаулығына тиетін ықтимал кері әсерлерге жол бермейсіз. Материалдарды кәдеге жарату табиғи ресурстарды сақтауға көмектеседі.

Қауіпсіздік, жұмыс өнімділігі және деректер тұтастығы үшін өнімдерге батареяны үнемі қосып қою қажет етілген жағдайда, бұл батареяны тек білікті қызмет көрсетуші маман ауыстыруы керек.

Батареяның дұрыс қолданылғанына көз жеткізу үшін өнімді пайдаланылу мерзімі аяқталғаннан кейін электрлік және электрондық жабдықты кәдеге жарату мақсатымен арнайы жинау орнына тастаңыз.

Барлық басқа батареялар үшін батареяны өнімнен қауіпсіз шығару жолдары туралы бөлімнен қараңыз. Қалдық батареяларды кәдеге жарату мақсатымен батареяны арнайы жинау орнына тастаңыз.

Бұл өнімді немесе батареяны кәдеге жарату туралы толығырақ ақпарат алу үшін жергілікті тиісті қалалық мекемеге, тұрмыстық қалдық тастау қызметіне немесе өнім сатып алынған дүкенге хабарласыңыз.

Бұл өнім Sony Corporation ұйымы арқылы немесе соның атынан жасалды, 1-7-1 Konan Minato-ku Токио, 108-0075 Жапония. Еуропалық Одақ заңнамасына қарай өнімнің сәйкестігіне қатысты сұраулар мына өкілетті өкілдікке жіберілуі керек: Sony Deutschland GmbH, Hedelfinger Strasse 61, 70327 Stuttgart, Germany. Қызмет көрсету немесе кепілдік мәселелері бойынша бөлек қызмет көрсету немесе кепілдік құжаттарында берілген мекенжайларға хабарласыңыз.

### Сақтық шаралар

- Бұл құрылғы 220 В - 240 В айнымалы ток, 50/60 Гц. Құрылғының жұмыс кернеуінің жергілікті қуатпен қамтамасыз етуге сәйкестігін тексеріңіз.
- Ақау болған жағдайда электр сымы ток көзінен ажырап кетпейтін жерге осы құрылғыны қойыңыз.

# Сақтық шаралар

Бұл жабдықтың EMC директивасында белгіленген шектерге сәйкестігі 3 метрден қысқа жалғау кабелімен тексеріліп анықталды.

### Орналастыру барысында

- Ойнатқыштың ішкі жағы қызбауы үшін ойнатқышты жақсы желдетілетін жерге қойыңыз.
- Өрт қаупін азайту үшін құрылғының жел кіретін тесігін газетпен, үстел жапқышпен, пердемен, т.б. жаппаңыз.
- Құрылғыны жалаңаш жалын көздеріне (мысалы, жанып тұрған отқа) тигізбеңіз.
- Бұл ойнатқышты кітап сөресіне немесе соған ұқсас шектеулі орынға қоймаңыз.
- Ойнатқышты сыртқа, көліктерге, кемелерге немесе басқа көлік құралдарына орналастырмаңыз.
- Егер ойнатқыш суық жерден жылы жерге бірден әкелінсе немесе өте ылғал бөлмеге қойылса, ойнатқыштың ішіндегі линзаларда ылғал пайда болуы мүмкін. Солай болған кезде ойнатқыш дұрыс істемеуі мүмкін. Мұндай жағдайда дискіні шығарып, ылғал кепкенше ойнатқышты бір жарым сағатқа сөндіріп қойыңыз.
- Ойнатқышты тегіс емес жерге қоймаңыз. Ол тек көлденең жерде жұмыс істеуге арналған.
- Алдыңғы тақтаның алдына металл заттар қоймаңыз. Ол радио толқындарды қабылдауды шектеуі мүмкін.
- Медициналық жабдық пайдаланылатын жерге ойнатқышты орналастырмаңыз. Ол медициналық құралдардың нашар жұмыс істеуіне себеп болуы мүмкін.
- Егер кардиостимулятор немесе басқа медициналық құрылғы пайдаланылса, сымсыз LAN функциясын пайбаланбастан бұрын дәрігеріңізбен немесе медициналық құрылғы өндірушісімен ақылдасыңыз.

- Бұл ойнатқыш адам денесі (қолдарын, білектерін, аяқтары мен өкшелерін қоспаған) мен ойнатқыштың арасында кемінде 20 см не одан көптеу аралық сақталып қойылуы керек.
- Ойнатқышқа ауыр немесе тұрақсыз заттар қоймаңыз.
- Диск жетегіне дискілерден басқа заттар салмаңыз. Салған жағдайда ойнатқышты немесе затты зақымдауы мүмкін.
- Ойнатқышты қозғалтқанда жетектен дискілерді шығарып алыңыз. Егер алмасаңыз, диск зақымдалуы мүмкін.
- Ойнатқышты қозғалтатын кезде айнымалы ток сымын (электр сымы) және басқа барлық кабельдерді ойнатқыштан ажыратыңыз.

### Электр қуаты көздері бойынша

- Ойнатқыш өздігінен өшіп қалғанның өзінде ток көзіне қосылғандықтан, ойнатқыш айнымалы ток көзінен (негізгі) ажыратылмаған.
- Ойнатқышты ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, ойнатқышты ток көзінен ажыратып қойыңыз. Айнымалы ток сымын (электр сымы) ажырату үшін сымысына емес, ашаның өзінен ұстаңыз.
- Айнымалы ток сымының (электр сымы) зақымдалуына жол бермеу үшін мына жерлерін тексеріңіз. Айнымалы ток сымы зақымдалса, оны (электр сымы) пайдаланбаңыз, пайдаланған жағдайда ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.
  – Ойнатқыш пен қабырғаның, сөренің, т.б. арасында айнымалы ток сымын (электр сымы) қыспаңыз.
  – Айнымалы ток сымына (электр сымы) ауыр зат қоймаңыз немесе айнымалы ток сымынан (электр сымы) тартпаңыз.

### Дыбыс деңгейін реттегенде

Дыбыс деңгейі өте төмен немесе дыбысы жоқ бөлімдерді тыңдағанда дыбыс деңгейін жоғарылатпаңыз. Дыбыс деңгейі жоғарғы нүктесіне жеткенде, құлақтарыңыз бен динамиктерді зақымдауы мүмкін.

### Тазалаған кезде

Құрылғының корпусын, тақтасын және басқару элементтерін жұмсақ шүберекпен тазалаңыз. Ысқышты, тазалағыш ұнтақты немесе спирт не бензин сияқты ерітіндіні пайдаланбаңыз.

### Дискілерді тазалағанда, диск/линза тазалағыштар

Тазалайтын дискілерді немесе диск/линза тазалағыштарды (оның ішінде дымқыл не спрей түрлерін) пайдаланбаңыз. Олар құрылғының дұрыс істемеуіне себеп болуы мүмкін.

### Бөлшектерді ауыстырған кезде

Бұл ойнатқышты жөндеген кезде ауыстырылған бөлшектерді қайта пайдалану немесе кәдеге жарату мақсатымен жинауға болады.

### HDMI OUT ұясына жалғаған кезде

Дұрыс қолданбау HDMI OUT ұясы мен коннекторды зақымдайтындықтан, төмендегілерді тексеріңіз.

- Ойнатқыштың артындағы HDMI OUT ұясы мен HDMI коннекторын кескіндеріне қарап мұқият туралаңыз. Коннектордың жоғарғы жағын төмен қарамағанына немесе еңкейіп қалмағанына көз жеткізіңіз.




- Ойнатқышты қозғалтқанда HDMI кабелін ажыратуды ұмытпаңыз.



- HDMI кабелін жалғағанда немесе ажыратқанда, HDMI коннекторын түзу ұстаңыз. HDMI коннекторына бұрамаңыз немесе HDMI OUT ұясына күшпен салмаңыз.

### 3D бейне кескіндерін көрген кезде

Кейбір адамдар 3D бейне кескіндерін көріп отырғанда қолайсыздықты (мысалы, көздің талуы, шаршауы немесе жүрек айнуы) сезінуі мүмкін. Sony 3D бейнекескіндерін көріп отырған кезде барлық көрерменнің тұрақты түрде үзіліс алуына кеңес береді. Қажетті үзілістердің ұзақтығы мен жиілігі адамға байланысты әр түрлі болады. Ең дұрысын шешіп алуыңыз керек. Егер қолайсыздықты сезінсеңіз, қолайсыздық кеткенше 3D бейнекескіндерін көруді тоқтату керек; қажетті екеніне сенімді болсаңыз, дәрігермен ақылдасыңыз. Сондай-ақ ең соңғы ақпаратты (i) пайдаланылып жатқан басқа құрылғының нұсқаулығынан және/не сақтық шаралар туралы хабарламасынан немесе осы өнімде ойнатылып жатқан Blu-ray Disc мазмұнынан және (ii) біздің веб-сайтымыздан. (http://www.sony-europe.com/myproduct/) қарау керек. Жас балалардың (әсіресе алты жасқа толмағандардың) көру қабілеті әлі даму үстінде болады. Балаларыңызға 3D бейнекескіндерін көруге рұқсат етпестен бұрын, дәрігерімен (мысалы, педиатр немесе окулис) ақылдасыңыз.
Ересектер жоғарыда берілген ұсыныстарды орындауы үшін балаларын қадағалауы керек.

**МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТПЕ**

Сақтық шара: Бұл ойнатқыш қатырылған бейнекескінді немесе экрандағы кескінді теледидардың экранынан анық емес етіп ұстап тұра алады. Егер қатырылған бейнекескінді немесе экрандағы кескінді теледидарда ұзақ уақыт қалдырып қойсаңыз, теледидардың экранына зақым келеді. Плазмалық теледидарлар мен проекциялық теледидарлар осындайға бейім келеді.

Егер ойнатқышыңызға қатысты сұрақтарыңыз не қиындықтар болса, жергілікті Sony делдалына хабарласыңыз.

### Көшірмеден қорғау

Blu-ray Disc™ және DVD құралында пайдаланылатын қосымша мазмұн қорғау жүйелері туралы ақыл-кеңес алыңыз. AACS (мазмұнға қосымша өту жүйесі) және CSS (мазмұн шифрлау жүйесі) деп аталатын бұл жүйелерде ойнатуға, аналогтық шығысқа және басқа ұқсас мүмкіндіктерге қатысты біраз шектеулер болуы мүмкін. Бұл өнімнің жұмысы және қойылған шектеулер сатып алынған күнге байланысты әр түрлі болуы мүмкін, себебі AACS басқару тақтасы сатып алынған уақыттан кейін шектеулерін қабылдауы не өзгертуі мүмкін.

### Cinavia туралы мәлімет

Бұл өнім кейбір коммерциялық жолмен жасалған фильмнің және олардың тректерінің рұқсатсыз көшірмелерінің пайдаланылуын шектеу үшін Cinavia технологиясын пайдаланады. Рұқсатсыз көшірменің тыйым салынған пайдалануы анықталғанда, хабар пайда болады және ойнату пен көшіру тоқтатылады.

Cinavia технологиясы туралы қосымша ақпарат http://www.cinavia.com сайтының Cinavia онлайындық тұтынушыларының ақпараттық орталығында берілген. Cinavia туралы қосымша ақпаратты электрондық поштамен сұрау үшін мына мекенжайға ашықхат жіберіңіз: Cinavia Consumer Information Center, P.O. Box 86851, San Diego, CA, 92138, USA.

### Авторлық құқықтар және сауда белгілері

- «AVCHD» және «AVCHD 3D/ Progressive» логотипі - Panasonic Corporation және Sony Corporation корпорацияларының сауда белгілері.
- Java — Oracle және оның филиалдарының сауда белгісі.
- ⋮••, «XMB» және «xross media bar» — Sony Corporation және Sony Computer Entertainment Inc. сауда белгілері
- Dolby Laboratories берген лицензия бойынша жасалған. Dolby, Pro Logic және қос D таңбасы — Dolby Laboratories сауда белгілері.
- DTS патенттерін http://patents.dts.com сайтынан қараңыз. DTS Licensing Limited берген лицензия бойынша жасалған. DTS, DTS-HD, Symbol, DTS және Symbol бірге — тіркелген сауда белгілері; DTS-HD Master Audio — DTS, Inc. © DTS, Inc. компаниясының сауда белгісі. Барлық құқықтар қорғалған.
- ® HDMI, High-Definition Multimedia Interface терминдері және HDMI логотипі — HDMI Licensing LLC ұйымының сауда белгілері немесе Америка Құрама Штаттары мен басқа елдердегі тіркелген сауда белгілері.
- Blu-ray Disc™, Blu-ray™, Blu-ray 3D™, BD-Live™, BONUSVIEW™ және логотиптер- Blu-ray Disc ассоциациясының сауда белгілері.
- «DVD logo» — DVD Format/Logo Licensing корпорациясының сауда белгісі.
- «DVD+RW», «DVD-RW», «DVD+R», «DVD-R», «DVD VIDEO» және «CD» логотиптері — сауда белгілері.
- «BRAVIA» — Sony Corporation сауда белгісі.
- MPEG Layer-3 дыбыс кодтау технологиясы мен патенттеріне Fraunhofer IIS және Thomson компанияларынан лицензия берілген.
- Бұл өнім Verance корпорациясы берген лицензия бойынша меншік технологиясын біріктіреді және АҚШ-тың 7369677 патенті және басқа АҚШ және әлемдік шығарылған және аяқталмаған патенттер, сонымен бірге осындай технологияның белгілі бір тұстары үшін авторлық құқықтар мен сауда құпиясын қорғау бойынша қорғалады. Cinavia — Verance корпорациясының сауда белгісі. Copyright 2004-2010 Verance Corporation. Барлық құқықтары Verance тарапынан қорғалған. Кері құрастыруға немесе бөлшектеуге тыйым салынады.
- Windows Media — Microsoft корпорациясының тіркелген сауда белгісі немесе Америка Құрама Штаттарындағы және/не басқа елдердегі сауда белгісі.
  Бұл өнім Microsoft корпорациясының арнайы зияткерлік меншік құқықтарына қатысты технологияны қамтиды. Бұл технологияны бұл өнімнен тыс пайдалануға немесе таратуға Microsoft корпорациясының тиісті лицензиясынсыз (лицензияларынсыз) тыйым салынады.
  Мазмұн иелері зияткерлік меншік, оның ішінде авторлық құқықтағы мазмұнды қорғау үшін Microsoft PlayReady™ мазмұнға өту технологиясын пайдаланады. Бұл құрылғы PlayReady арқылы қорғалған мазмұнға және/не WMDRM арқылы қорғалған мазмұнға өту үшін PlayReady технологиясын пайдаланады. Егер құрылғы мазмұн пайдалануға шектеулерді дұрыс енгізе алмаса, мазмұн иелері Microsoft корпорациясының құрылғының PlayReady бойынша қорғалған мазмұнын қолдану мүмкіндігінен бас тартуын талап етуі мүмкін. Бас тарту қорғалмаған

мазмұнға немесе басқа мазмұнға өту технологияларымен қорғалған мазмұнға әсер етпеуі керек. Мазмұн иелері мазмұнға өту үшін PlayReady жаңартуды талап етуі мүмкін. Егер жаңартудан бас тартсаңыз, жаңартуды қажет ететін мазмұнға өте алмай қаласыз.

- Музыка мен бейне тану технологиясы және соған қатысты деректер Gracenote® тарапынан берілген. Gracenote музыка тану технологиясы мен соған қатысты мазмұнды беруде өндірістік стандарт болып табылады. Қосымша ақпаратты www.gracenote.com сайтынан қараңыз. CD, DVD, Blu-ray Disc және музыка мен бейнеге қатысты деректер Gracenote, Inc. ұйымынан берілген, авторлық құқық © 2000-қазірге дейін Gracenote. Gracenote бағдарламасы, авторлық құқық © 2000-қазірге дейін Gracenote. Gracenote иелігіндегі бір не одан көп патент осы өнім мен қызметке қолданылады. Gracenote веб-сайтынан қолданыстағы Gracenote патенттерінің үлкен тізімін қараңыз. Gracenote, CDDB, MusicID, MediaVOCS, Gracenote логотипі және «Powered by Gracenote» логотипі — Gracenote тіркелген сауда белгілері немесе Америка Құрама Штаттарындағы және/не басқа елдердегі сауда белгілері.
- Wi-Fi®, Wi-Fi Protected Access® және Wi-Fi Alliance® — Wi-Fi Alliance ұйымының тіркелген сауда белгілері.
- Wi-Fi CERTIFIED™, WPA™, WPA2™, Wi-Fi Protected Setup™, Miracast™ және Wi-Fi CERTIFIED Miracast™ — Wi-Fi Alliance ұйымының сауда белгілері.
- Wi-Fi CERTIFIED логотипі — Wi-Fi Alliance ұйымының сертификаттау белгісі.
- Wi-Fi Protected Setup Identifier белгісі — Wi-Fi Alliance ұйымының белгісі.
- DLNA®, DLNA логотипі және DLNA CERTIFIED™ — Digital Living Network Alliance ұйымының сауда белгілері, қызметтік белгілері немесе сертификаттау белгілері.
- Opera® құрылғыларындағы бағдарламалық құралдар жинағы Opera Software ASA тарапынан алынды. Copyright 1995-2013 Opera Software ASA. Барлық құқықтары қорғалған.
- Басқа барлық сауда белгілері — тиісті иелерінің сауда белгілері.
- Басқа жүйе және өнім атаулары негізінен өндірушілердің сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері болып табылады. ™ және ® белгілері бұл құжатта көрсетілмеген.

### Gracenote® соңғы пайдаланушысы туралы лицензиялық келісім

Бұл қолданба немесе құрылғы Калифорнияның Эмеривилл қаласындағы Gracenote, Inc. корпорациясы («Gracenote») берген бағдарламалық құралды қамтиды. Gracenote берген бағдарламалық құралы («Gracenote бағдарламалық құралы») бұл қолданбаға дискіні және/не файлды анықтауға және музыкаға қатысты ақпаратты, оның ішінде атау, орындаушы, трек және тақырып туралы ақпаратты («Gracenote деректері») онлайндық серверлерден немесе ендірілген дерекқорлардан (бірге «Gracenote серверлері») алуға және басқа функцияларды орындауға мүмкіндік береді. Сіз Gracenote деректерін осы қолданбаның немесе құрылғының соңғы пайдаланушыға арналған функцияларымен пайдалануға құқылысыз.

Сіз Gracenote деректерін, Gracenote бағдарламалық құралын және Gracenote серверлерін тек жеке коммерциялық емес мақсатқа пайдалануға келісесіз. Сіз Gracenote бағдарламалық құралын немесе Gracenote деректерін тағайындамауға, көшірмеуге бермеуге немесе үшінші тарапқа бермеуге келісесіз. СІЗ ОСЫ ҚҰЖАТТА НАҚТЫ РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ЖАҒДАЙДАН БАСҚА КЕЗДЕ GRACENOTE ДЕРЕКТЕРІН, GRACENOTE БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛЫН НЕМЕСЕ GRACENOTE СЕРВЕРЛЕРІН ПАЙДАЛАНБАУҒА НЕМЕСЕ ҚОЛДАНБАУҒА КЕЛІСЕСІЗ.

Бұл шектеулер бұзылған жағдайда сіз Gracenote деректерін, Gracenote бағдарламалық құралын және Gracenote серверлерін пайдалану туралы ерекше емес лицензияның тоқтатылуына келісесіз. Егер лицензияңыз тоқтатылса, сіз Gracenote деректерінің, Gracenote бағдарламалық құралының және Gracenote серверлерінің кез келген және толығымен пайдаланылуын тоқтатуға келісесіз. Gracenote корпорациясы Gracenote деректеріне, Gracenote бағдарламалық құралына және Gracenote серверлеріне қатысты барлық құқықты, оның ішінде барлық меншік құқығын өзінде қалдырады. Ешқандай жағдайда Gracenote сіз беретін ақпарат үшін сізге ақы төлеуге жауапты болмайды. Сіз Gracenote, Inc. корпорациясының осы Келісім бойынша сізге қатысты құқықтарын тікелей өз атынан күшінде сақтай алатынына келісесіз.

Gracenote қызметі статистикалық мақсаттар үшін сұрауларды қадағалауға бірегей анықтауышты пайдаланады. Еркін тағайындалған сандық анықтауыштың мақсаты Gracenote қызметіне сіз туралы ештеңе білмей-ақ сұрауларды санауға мүмкіндік беру болып табылады. Қосымша ақпарат алу үшін Gracenote қызметіне арналған Gracenote құпиялық саясатына арналған веб-бетті қараңыз.

Gracenote бағдарламалық құралы және Gracenote деректерінің кез келген тармағы үшін «AS IS» лицензия беріледі. Gracenote корпорациясы Gracenote серверлерінен алынған кез келген Gracenote деректерінің дұрыстығына қатысты нақты немесе құқықтық негіздегі мәлімдеме жасамайды немесе кепілдік бермейді. Gracenote корпорациясы Gracenote серверлерінен алынған деректерді жою немесе Gracenote жеткіліксіз болып қалатын себеппен дерек санаттарын өзгерту құқығын өзінде қалдырады. Gracenote бағдарламалық құралында немесе Gracenote серверлерінде қате болмайтынына немесе Gracenote бағдарламалық құралының не Gracenote серверлерінің жұмысы тоқтап қалатынына кепілдік берілмейді. Gracenote корпорациясы Gracenote келешекте қамтамасыз етуі мүмкін жаңа жетілдірілген немесе қосымша деректермен не санаттармен қамтамасыз етуге міндетті емес және қызметтерін кез келген уақытта тоқтатуға құқылы.

GRACENOTE БАРЛЫҚ НАҚТЫ НЕМЕСЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕГІ КЕПІЛДІКТЕРІНЕН, ОНЫҢ ІШІНДЕ ШЕКТЕЛМЕСТЕН, САТУҒА ЖАРАМДЫЛЫҚ, БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА, АТАУҒА ЖАРАМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢ БҰЗБАУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕГІ КЕПІЛДІКТЕРДЕН БАС ТАРТАДЫ. GRACENOTE КОРПОРАЦИЯСЫ GRACENOTE БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛЫН НЕМЕСЕ GRACENOTE СЕРВЕРІН СІЗДІҢ ПАЙДАЛАНУЫҢЫЗДАН ТУЫНДАҒАН НӘТИЖЕЛЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРМЕЙДІ. ЕШҚАШАН GRACENOTE КОРПОРАЦИЯСЫ КЕЙІНГІ НЕМЕСЕ КЕЗДЕЙСОҚ ЗАҚЫМДАРҒА НЕМЕСЕ ЖОҒАЛҒАН ПАЙДАЛАРҒА НЕ ЖОҒАЛҒАН КІРІСТЕРГЕ ЖАУАПТЫ ЕМЕС.
© 2000 бүгінгі күнге дейін. Gracenote, Inc.

# Мазмұны


2 АБАЙЛАҢЫЗ
3 Сақтық шаралар


## Іске кірісу


10 Бөлшектер мен басқару элементтері туралы нұсқаулық
15 1 -қадам: Ойнатқышты жалғау
17 2- қадам: Желіге қосылуға дайындау
17 3 -қадам: Оңай орнату


## Ойнату


19 Диск ойнату
21 USB құрылғысынан ойнату
21 Желі арқылы ойнату
24 Қолжетімді опциялар


## Интернет


27 Веб-сайттарды шолу


## Параметрлер және реттеулер


29 Параметрлер дисплейін пайдалану
29 Бағдарламалық құралды жаңарту
29 Экран параметрлері
32 Дыбыс параметрлері
33 BD/DVD көру параметрлері
33 Ата-аналық бақылау параметрлері
34 Жүйе параметрлері
35 Желі параметрлер
36 Оңай желі параметрлері
36 Қалпына келтіру


## Қосымша ақпарат


37 Ақауларды жою
42 Техникалық сипаттамалары

# Бөлшектер мен басқару элементтері туралы нұсқаулық

## Алдыңғы тақта




1 **Дискіжетек**

2 **Алдыңғы тақтаның дисплейі**

3 **⏏ (ашу/жабу)**

4 **I/⏻ (қосулы/күту режимі)**
Ойнатқышты қосады немесе күту режиміне шығарады.

5 **(USB) ұясы**
USB құрылғысын осы ұяға қосыңыз.

6 **Қашықтық сенсоры**

#### Дискіжетекті құлыптау үшін (Балалардан қорғау)

Байқаусызда ашылып кетуіне жол бермеу үшін дискіжетекті құлыптауға болады.
Ойнатқыш қосылып тұрғанда жетекті құлыптау не құлпын ашу үшін қашықтан басқару пультіндегі ■ (тоқтату), HOME, одан кейін TOP MENU түймелерін басыңыз.

## Артқы тақта




**1 DIGITAL OUT (COAXIAL) ұясы**

**2 LAN (100) терминалы**

**3 HDMI OUT ұясы**

**4 ⭠ (USB) ұясы**

## Қашықтан басқару құралы

Қашықтан басқару құралында бар функциялар дискіге немесе жағдайға байланысты әр түрлі болады.




💡

►, ◿ + және AUDIO түймелерінің сезілетін нүктелері бар. Ойнатқышты қолданған кезде қолға сезілетін нүктені белгі ретінде пайдаланыңыз.

**1** **▲ (ашу/жабу)**

Дискіжетекті ашады немесе жабады.

**-TV- ⇥ (ТД кіріс сигналын таңдау)**

Теледидар мен басқа кіріс көздерін ауыстырып қосады.

**-TV- I/⏻ (ТД қосулы/күту режимі)**

Теледидарды қосады немесе күту режиміне шығарады.

**I/⏻ (қосулы/күту режимі)**

Ойнатқышты қосады немесе күту режиміне орнатады.

**2** **Түрлі түсті түймелер (қызыл/жасыл/сары/көк)**

Интерактивті функцияларға арналған жылдам өту түймелері.

**3** **TOP MENU**

BD немесе DVD бас мәзірін ашады не жабады.

**POP UP/MENU**

BD-ROM қалқымалы мәзірін немесе DVD мәзірін ашады немесе жабады.

**OPTIONS (24-бет)**

Қолжетімді опцияларды экраннан көрсетеді.

**RETURN**

Алдыңғы дисплейге қайтады.

**←/↑/↓/→**

Көрсетілген элементті таңдау үшін бөлектеуді жылжытады.

↑/↓ музыкалық ықшам дискісін ойнатқанда ән іздеудің жылдам өту түймесі сияқты.

**Ортаңғы түйме (ENTER)**

Таңдалған тармақты енгізеді.

**HOME**

Ойнатқыштың бастапқы мәзіріне кіреді.
Бастапқы мәзірде санат белгішесін басқанда түсқағазды көрсетеді.

**SEN (21-бет)**

«Sony Entertainment Network™» онлайндық қызметіне өтеді.

**NETFLIX**

«NETFLIX» онлайн қызметіне өтеді. NETFLIX онлайн қызметі туралы мәліметтерді алу үшін мына веб-сайтқа кіріп, жиі қойылатын сұрақтарды қарап шығыңыз:
http://support.sony-europe.com/

4 **◀◀/▶▶ (жылдам артқа/жылдам артқа)**

- Ойнатылып жатқанда түйме басылған кезде дискіні жылдам артқа/жылдам алға өткізеді. Бейне көрсетіліп жатқанда түймені басқан сайын іздеу жылдамдығы өзгереді.
- Тоқтап тұрған кезде бір секундтан аса басып тұрғанда баяу ойнатады.
- Тоқтап тұрған кезде кішкене ғана бассаңыз, бір кадрдан ойнатады.

**▶ (ойнату)**

Ойнатуды тоқтата тұрады немесе қайта қосады.

**|◀◀ /▶▶| (алдыңғы/келесі белгішесі)**

Алдыңғы/келесі тарауға, трекке немесе файлға өткізеді.

**❚❚ (тоқтата тұру)**

Ойнатуды тоқтата тұрады немесе қайта қосады.

**■ (тоқтату)**

Ойнатуды тоқтатып, тоқтау нүктесін (жалғастыру нүктесі) еске сақтап қалады.
Атаудың/тректің жалғастыру нүктесі ойнатылған соңғы нүкте немесе фотосурет қалтасындағы соңғы фотосурет болып табылады.

**SUBTITLE (33-бет)**

BD-ROM/DVD VIDEO дискілеріне көптілді субтитрлер жазылғанда, субтитр тілін таңдайды.

**◿ (дыбыс деңгейі) +/–**

Теледидардың дыбыс деңгейін реттейді.

**AUDIO (33-бет)**

BD-ROM/DVD VIDEO дискілеріне көптілді тректер жазылғанда, трек тілін таңдайды.
CD дискілерінде трек дыбысын таңдайды.

**🔇 (дыбысты өшіру)**

Дыбысты уақытша өшіреді.

**DISPLAY (20-бет)**

Экранда ойнату және интернетте шолу туралы ақпаратты көрсетеді.

# Бастапқы негізгі мәзір

HOME түймесін басқан кезде бастапқы негізгі мәзір шығады. ←/→ арқылы санатты таңдаңыз. ↑/↓ арқылы элемент таңдап, ENTER түймесін басыңыз.




- [Setup] (Орнату): Ойнатқыштың параметрлерін реттейді.
- [Photo] (Фотосурет): Фотосуреттерді көрсетеді.
- [Music] (Музыка): Музыка ойнатады.
- [Video] (Бейне): Бейнелер ойнатады.
- [Input] (Кіріс): Үйлесімді бастапқы құрылғымен экранды көшіріп көрсетуді орындаңыз.
- [Network] (Желі): Желілік элементтерді көрсетеді.

# 1 -қадам: Ойнатқышты жалғау

Барлығын жалғап болғанша, электр сымын қоспаңыз.

## Теледидарға жалғау

Ойнатқышты теледидарға жоғары жылдамдықты HDMI кабелімен жалғаңыз.






## Аудио/бейне күшейткішке (ресивер) жалғау

Аудио/бейне күшейткіштегі (ресивер) кіріс ұяларына сәйкес төмендегі жалғау әдістерінің біреуін таңдаңыз. **A** немесе **B** таңдалғанда, [Audio Settings] (Аудио параметрлері) тармағындағы тиісті параметрлерді орнатыңыз (32-бет).




**A**







→ [BD Audio MIX Setting] (BD аудионы араластыру параметрі) орнатыңыз (32-бет).

**B**






# 2- қадам: Желіге қосылуға дайындау

Егер ойнатқышты желіге қоспайтын болсаңыз, «3 -қадам: Оңай орнату» (17-бет) бөліміне өтіңіз.

## Сымды байланыс орнату

Ойнатқыштағы LAN (100) терминалына жалғау үшін LAN кабелін пайдаланыңыз.




Қорғалған және түзу интерфейстік кабельді (LAN кабелі) пайдаланған жөн.

## Сымсыз байланысты орнату

Ойнатқыштағы сымсыз LAN желісін пайдаланыңыз.




# 3 -қадам: Оңай орнату

**Бірінші рет қосқан кезде**
Ойнатқыш қосылып, [Easy Initial Settings] (Оңай бастапқы параметрлер) басталғанша кішкене күтіңіз.

**1 Қашықтан басқару пультінің батарея бөлігіндегі белгілерге батареялардың ⊕ және ⊖ жақтарын сәйкес келтіріп, екі R03 (AAA өлшемді) батареясын салыңыз.**



**2 Ойнатқышты ток көзіне қосыңыз.**




**3 Ойнатқышты қосу үшін I/⏻ түймесін басыңыз.**



**4 Теледидарды қосып, теледидарда кіріс көзін таңдаңыз. Ол теледидардың экранынан ойнатқыштан келген сигналды көрсетеді.**

**5 [Easy Initial Settings] (Оңай бастапқы параметрлер) орнатыңыз.**

Негізгі параметрлерді қашықтан басқару құралындағы ←/↑/↓/→ және ENTER түймелерінің көмегімен орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.




- [Easy Initial Settings] (Оңай бастапқы параметрлер) аяқталғанда, ойнатқыштың желілік функцияларын пайдалану үшін [Easy Network Settings] (Оңай желі параметрлері) тармағын таңдаңыз.
- Сымсыз байланысты іске қосу үшін [Network Settings] (Желі параметрлері) мәзіріндегі [Internet Settings] (Интернет параметрлерін) [Wireless Setup(built-in)] (Сымсыз байланыс орнату (кірістірілген)) күйіне орнатыңыз.
- Сымсыз байланысты өшіру үшін [Network Settings] (Желі параметрлері) мәзіріндегі [Internet Settings] (Интернет параметрін) [Wired Setup] (Сымды байланыс орнату) күйіне орнатыңыз.

# Диск ойнату

Ойнатылатын дискілер туралы 43-бет бөлімінен қараңыз.

**1 Ойнатқыштағы сигналдың теледидардың экранынан көрсетілуі үшін теледидарда кіріс көзін таңдау құралын ауыстырып қосыңыз.**

**2 ⏏ (ашу/жабу) түймесін басып, диск жетегіне диск салыңыз.**


Ойнатылатын жағы төмен қарайды

**3 Диск жетегін жазу үшін ⏏ (ашу/жабу) түймесін басыңыз.**

Ойнатыла бастайды.
Егер ойнату автоматты түрде басталмаса, опциясын [Video] (Бейне), [Music] (Музыка) немесе [Photo] (Фотосурет) санатынан таңдап, ENTER түймесін басыңыз.

## BONUSVIEW/BD-LIVE қолдану

«BD-LIVE» логотипі* бар кейбір BD-ROM дискілерінің бонустық мазмұны және қызығушылығыңыз үшін жүктелген басқа да деректер бар.

* BD LIVE™

**1 USB жад құралын ойнатқыштың артындағы USB ұясына қосыңыз (11-бет).**

1 Гбайт не одан көп USB жад құралын жергілікті сақтау құрылғысы ретінде пайдаланыңыз.

**2 BD-LIVE үшін дайындаңыз (тек BD-LIVE).**

- Ойнатқышты желіге қосыңыз (17-бет).
- [BD/DVD Viewing Settings] (BD/DVD көру параметрлері) мәзіріндегі [BD Internet Connection] (BD интернет қосылымы) параметрін [Allow] (Рұқсат ету) күйіне орнатыңыз (33-бет).

**3 BONUSVIEW/BD-LIVE бар BD-ROM дискісін салыңыз.**

Жұмыс әдісі дискіге байланысты ерекшеленеді. Дискімен берілген нұсқаулықты қараңыз.

---

USB жад құралындағы деректерді жою үшін [Delete BD Data] (BD дерегін жою) опциясын [Video] (Бейне) санатынан таңдап, ENTER түймесін басыңыз. buda қалтасына сақталған барлық деректер өшіріледі.

# Blu-ray 3D ойнатқышын пайдалану

«Blu-ray 3D» логотипі* бар Blu-ray 3D Disc дискісін қолдануыңызға болады.

*

**1** **Blu-ray 3D Disc дискісін ойнатуды дайындаңыз.**

- Ойнатқышты 3D-үйлесімді құрылғыларға жоғары жылдамдықты HDMI кабелімен жалғаңыз.
- [3D Output Setting] (3D шығыс параметрі) және [TV Screen Size Setting for 3D] (3D үшін ТД экраны өлшемінің параметрі) параметрлерін [Screen Settings] (Экран параметрлері) ішінен орнатыңыз (29-бет).

**2** **Blu-ray 3D Disc дискісін салыңыз.**

Жұмыс әдісі дискіге байланысты ерекшеленеді. Дискімен берілген нұсқаулықты қараңыз.

---

Сондай-ақ теледидар мен жалғаулы құрылғымен берілген нұсқаулықты қараңыз.

# Ойнату туралы ақпаратты көрсету

DISPLAY түймесін басып, ойнату туралы ақпаратты, т.б. көруге болады. Көрсетілетін ақпарат диск түрі мен ойнатқыш күйіне байланысты ерекшеленеді.

Мысалы: BD-ROM ойнатылғанда




1 Шығыс ажыратымдылығы/ Бейне жиілігі

2 Атау нөмірі не аты

3 Қазір таңдалған бұрыш

4 Қазір таңдалған дыбыстық параметр

5 Қолжетімді функциялар ( бұрыш, дыбыс, субтитр)

6 Ойнату туралы ақпарат
Ойнату режимін, ойнату күйінің жолағын, диск түрін, бейне кодекті, биттік жылдамдықты, қайталау түрін, өткен уақытты және барлық ойнату уақытын көрсетеді.

7 Тарау нөмірі

# USB құрылғысынан ойнату

«Ойнатылатын файлдар» үшін 44-бет бөлімін қараңыз.

**1** **USB құрылғысын ойнатқыштағы USB ұясына қосыңыз (10-бет).**
Жалғамай тұрып, USB құрылғысымен берілген нұсқаулықты қараңыз.

**2** **Бастапқы мәзірден [Video] (Бейне), [Music] (Музыка) немесе [Photo] (Фотосурет) санатын ←/→ арқылы таңдаңыз.**

**3** **[USB device] (USB құрылғы) тармағын ↑/↓ арқылы таңдап, ENTER түймесін басыңыз.**

# Желі арқылы ойнату

## Sony Entertainment Network мүмкіндігін қолдану

Sony Entertainment Network таңдалған интернет мазмұнын және әр түрлі талаптық көңіл көтеруді ойнатқышқа тікелей жеткізетін шлюз ретінде қолданылады.

- Кейбір интернет мазмұны ойнатылардың алдында дербес компьютер арқылы тіркелуді қажет етеді.
- Кейбір интернет мазмұны кейбір аймақтарда/елдерде қолжетімді болмауы мүмкін.

**1** **Ойнатқышты желіге қосыңыз (17-бет).**

**2** **Қашықтан басқару құралындағы SEN түймесін басыңыз.**

**3** **Интернет мазмұнын және қалауыңызға қарай ойын-сауық түрлерін ←/↑/↓/→ арқылы таңдап, ENTER түймесін басыңыз.**

**Бейне ағынын басқару тақтасы**

Бейне файл ойнатыла бастағанда басқару тақтасы пайда болады. Көрсетілген элементтер интернет мазмұнының провайдерлеріне байланысты ерекшеленуі мүмкін.
Қайтадан көрсету үшін DISPLAY (көрсету) түймесін басыңыз.




1. Көрсетуді басқару
   Ойнату әрекеттерін орындау үшін ←/↑/↓/→ немесе ENTER түймесін басыңыз.
2. Ойнату күйінің жолағы
   Күй жолағы, ағымдағы орынды көрсететін меңзер, ойнату уақыты, бейне файлдың ұзақтығы
3. Желі күйі
   сымсыз байланыс сигналының күшін көрсетеді.
   сымды байланысты көрсетеді.
4. Желілік жіберу жылдамдығы

5 Келесі бейне файлының атауы

6 Ағымдағы бейне таңдау файлының атауы

## Басты желідегі файлдар ойнату (DLNA)

DLNA үйлесімді өнімі басқа DLNA үйлесімді өніміне сақталған бейне/музыкалық/фото файлдарды желі арқылы ойната алады.

**1 DLNA пайдалануды дайындаңыз.**
- Ойнатқышты желіге қосыңыз (17-бет).
- Басқа қажетті DLNA үйлесімді өнімдерін дайындаңыз. Өніммен бірге берілген нұсқаулықты қараңыз.

---

### DLNA серверіндегі файлды осы құрылғы арқылы ойнату үшін (DLNA ойнатқышы)




DLNA серверінің белгішесін [Video] (Бейне), [Music] (Музыка) немесе [Photo] (Фотосурет) санатынан таңдаңыз, сосын ойнатылатын файлды таңдаңыз.

### DLNA серверіндегі файлды басқа өнім арқылы ойнату үшін (Жеткізуші)

DLNA серверіндегі файлдарды осы құрылғыда ойнатқанда, DLNA реттегішімен үйлесімді өнімді (телефон, т.б.) пайдаланып, ойнатуды басқаруға болады.




Бұл құрылғыны DLNA реттегіші арқылы басқарыңыз. DLNA реттегішімен бірге берілген нұсқаулықты қараңыз.

## «TV SideView» пайдалану

«TV SideView» — қашықтағы құрылғылар (мысалы, смартфон, т.б.) үшін тегін ұялы телефон қолданбасы. Бұл ойнатқышта «TV SideView» функциясын пайдаланып, қашықтағы құрылғыдағы әрекет арқылы ойнатқышты оңай қолдануға болады. Қызметті не қолданбаны қашықтағы құрылғыдан тікелей қосып, диск ойнап тұрғанда диск туралы ақпаратты көруге болады. Сондай-ақ «TV SideView» құралын қашықтан басқару құрылғысы және бағдарламалық құрал пернетақтасы ретінде пайдалануға болады.
«TV SideView» құрылғысын осы ойнатқышпен бірінші рет пайдаланардың алдында, «TV SideView» құрылғысын тіркеуді ұмытпаңыз. Тіркеу үшін «TV SideView» құрылғысының экранындағы нұсқауларды орындаңыз.

Бастапқы мәзірде ғана тіркеуге болады.

## Экранды көшіріп көрсету функциясын қолдану

«Screen mirroring» - Miracast технологиясы арқылы ұялы құрылғының экранын теледидардан көрсетуге арналған функция.
Ойнатқышты тікелей «Экранды көшіріп көрсету» функциясын қолдайтын құрылғыға (мысалы, смартфон, планшет) қосуға болады.
Құрылғы дисплейінің экранын теледидардың үлкен экранынан тамашалауға болады. Бұл функцияны қолдану үшін сымсыз байланыс маршрутизаторының (немесе кіру орнының) қажеті жоқ.

- «Экранды көшіріп көрсету» функциясын пайдаланғанда, басқа желідегі кедергілер әсерінен бейне мен дыбыс кейде бұрмалануы мүмкін.
- Экранды көшіріп көрсету кезінде кейбір желі функциялары істемеуі мүмкін.
- Құрылғының Miracast технологиясымен үйлесімді екеніне көз жеткізіңіз. Miracast технологиясымен үйлесімді барлық құрылғылармен байланыс орнатылатынына кепілдік берілмейді.

**1** **Басты мәзірдегі [Input] (Кіріс) санатынан [Screen mirroring] (Экранды көшіріп көрсету) функциясын ←/→ арқылы таңдап, ENTER түймесін басыңыз.**

**2** **Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.**

Ойнату

# Қолжетімді опциялар

OPTIONS түймесін басқанда, әр түрлі параметрлер мен ойнату әрекеттері қолжетімді болады. Қолжетімді элементтер жағдайға байланысты ерекшеленеді.

## Негізгі опциялар

■ **[Repeat Setting] (Қайталау параметрі):** Қайталау режимін орнатады.

■ **[3D Menu] (3D мәзір):**
- [Simulated 3D] (Ұқсастырылған 3D): Ұқсастырылған 3D әсерін реттейді.
- [3D Depth Adjustment] (3D тереңдігін реттеу): 3D кескінінің тереңдігін реттейді.
- [2D Playback] (2D ойнату): 2D кескінін ойнатуға қояды.

■ **[Play]/[Stop] (Ойнату/Тоқтату):** Ойнатуды бастайды не тоқтатады.

■ **[Play from start] (Басынан бастап ойнату):** Элементті басынан ойнатады.

■ **[Change Category] (Санатты өзгерту):** [Video] (Бейне), [Music] (Музыка) және [Photo] (Фотосурет) санаттарын ауыстырып қосыңыз.

## Тек [Video] (Бейне)

■ **[3D Output Setting] (3D шығыс параметрі):** 3D бейнекескінін автоматты түрде шығару не шығармау керектігін белгілейді.

■ **[A/V SYNC]:** Кескін шығаруға қатысты дыбыс шығаруды кешіктіріп, кескін мен дыбыс арасындағы айырмашылықты реттейді (0 - 120 миллисекунд).

■ **[Video Settings] (Бейне параметрлері):**
- [Picture Quality Mode] (Кескін сапасының режимі): Әр түрлі жарық орталары үшін кескін параметрлерін таңдайды.
  - [Direct] (Тікелей)
  - [Brighter Room] (Жарық бөлме)
  - [Theater Room] (Театр залы)
  - [Auto] (Авто)
  - [Custom1] (1-ші реттелген)/ [Custom2] (2-ші реттелген)
    - [Texture Remaster] (Remaster текстурасы): Шеттердің өткірлігін және қосымша мәліметтерді реттейді.
    - [Super Resolution] (Супер ажыратымдылық): Ажыратымдылықты жақсартады.
    - [Smoothing] (Тегістеу): Экрандағы бандажды тегіс аумақтардағы тегістеу градациясы арқылы азайтады.
    - [Contrast Remaster] (Remaster контрасты): Экран тым қараңғы болмай, сурет өзгертілу үшін қара және ақ деңгейлерді автоматты түрде реттейді.
    - [Clear Black] (Қараны жою): Суреттің қараңғы тармақтарын көрсетуді реттейді. Барлық көлеңке басылмайды, ол әдемі пайда болған қара түстерге мүмкіндік береді.
    - [FNR]: Кескіндегі кездейсоқ шуылды азайтады.
    - [BNR]: Кескіндегі мозаикалық шуылды азайтады.
    - [MNR]: Кескін құрылымдарындағы аз шуылды (ызыңдаған шуыл) азайтады.

- [Contrast] (Контраст)
- [Brightness] (Ашықтық)
- [Colour] (Түс)
- [Hue] (Реңк)

■ **[Pause] (Тоқтата тұру):** Ойнатуды тоқтата тұрады.

■ **[Top Menu] (Басты мәзір):** BD немесе DVD бас мәзірін көрсетеді.

■ **[Menu]/[Popup Menu] (Мәзір/Қалқымалы мәзір):** BD-ROM қалқым-алы мәзірін немесе DVD мәзірін көрсетеді.

■ **[Title Search] (Атау іздеу):** BD-ROM/DVD VIDEO дискілерінен атау іздейді және басынан бастап ойнатады.

■ **[Chapter Search] (Тарау іздеу):** Тарауды іздейді және басынан бастап ойнатады.

■ **[Audio] (Аудио):** BD-ROM/DVD VIDEO дискілеріне көптілді тректер жазылғанда, трек тілін ауыстырып қосады. CD дискілерінде трек дыбысын таңдайды.

■ **[Subtitle] (Субтитр):** BD-ROM/DVD VIDEO дискілеріне көптілді субтитрлер жазылғанда, субтитр тілін ауыстырып қосады.

■ **[Angle] (Бұрыш):** BD-ROM/DVD VIDEO дискілеріне көпбұрышты көріністер жазылғанда, басқа көру бұрыштарына ауыстырады.

■ **[Number Entry] (Нөмірді енгізу):** Нөмірді қашықтан басқару пультіндегі ←/↑/↓/→ пернесін басу арқылы таңдаңыз.

■ **[IP мазмұны NR Pro]:** Интернет мазмұндарының кескін сапасын дұрыстайды.

■ **[Video Search] (Бейнені іздеу):** Gracenote технологиясына негізделген BD-ROM/DVD-ROM туралы ақпарат көрсетеді.
[Cast] (Таспа) немесе [Related] (Қатысты) таңдалғанда Gracenote кілтсөздері арқылы қатысты ақпаратты іздейді.
[Playback History] (Ойнату тарихы) немесе [Search History] (Іздеу тарихы) таңдалғанда атаулар тізімін көрсетеді.

## Тек ♫ [Music] (Музыка)

■ **[Track Search] (Тректі іздеу):** CD дискісі ойнатылып жатқанда, трек нөмірін іздейді.

■ **[Add Slideshow BGM] (Слайдшоу BGM қосу):** USB жад құралындағы музыкалық файлдарды слайдшоу фонының музыкасы (BGM) ретінде тіркейді.

■ **[Music Search] (Музыканы іздеу):** Gracenote технологиясына негізделген аудио CD (CD-DA) дискісі туралы ақпаратты көрсетеді.
[Track] (Трек), [Artist] (Әнші) немесе [Related] (Қатысты) таңдалғанда Gracenote кілтсөздері арқылы қатысты ақпаратты іздейді.
[Playback History] (Ойнату тарихы) немесе [Search History] (Іздеу тарихы) таңдалғанда атаулар тізімін көрсетеді.

### Тек [Photo] (Фотосурет)

- **[Slideshow Speed] (Слайдшоу жылдамдығы):** Слайдшоу жылдамдығын өзгертеді.
- **[Slideshow Effect] (Слайдшоу әсері):** Слайдшоуларға арналған әсерді белгілейді.
- **[Slideshow BGM] (Слайдшоу BGM):**
  – [Off] (Өшірулі): Функцияны өшіреді.
  – [My Music from USB] (USB ішіндегі музыкам): [Add Slideshow BGM] (Слайдшоу BGM қосу) ішінде тіркелген музыкалық файлдарды белгілейді.
  – [Play from Music CD] (Музыкалық ықшам дискінен ойнату): CD-DA дискілерінде тректерді белгілейді.
- **[Change Display] (Дисплей өзгерту):** [Grid View] (Тор көрінісі) және [List View] (Тізім көрінісі) арасында ауыстырып қосады.
- **[View Image] (Кескінді көру):** Таңдалған фотосуретті көрсетеді.
- **[Slideshow] (Слайдшоу):** Слайдшоуды ойнатады.
- **[Rotate Left] (Солға бұру):** Фотосуретті сағат тіліне қарсы 90 градусқа бұрады.
- **[Rotate Right] (Оңға бұру):** Фотосуретті сағат тілімен 90 градусқа бұрады.

# Веб-сайттарды шолу

Интернетке қосылып, веб-сайттарды көруге болады.

**1 Интернет браузерін дайындаңыз.**
Ойнатқышты желіге қосыңыз (17-бет).

**2 Басты мәзірдегі 🌐 [Network] (Желі) тармағын ←/→ арқылы таңдаңыз.**

**3 www [Internet Browser] (Интернет шолғышы) тармағын ↑/↓ арқылы таңдап, ENTER түймесін басыңыз.**

💡
Бұл браузерде кейбір веб-сайт функциялары жоқ және кейбір веб-сайттар дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.

### URL енгізу үшін

Опциялар мәзірінен [URL entry] (URL жазбасы) опциясын таңдаңыз. Бағдарламалық құралдың пернетақтасымен URL енгізіп, [Enter] (Енгізу) опциясын таңдаңыз.

### Әдепкі бастапқы бетті белгілеу үшін

Белгіленетін бетті көрсеткенде, опциялар мәзірінен [Set as start page] (Бастапқы бет ретінде орнату) опциясын таңдаңыз.

### Алдыңғы бетке оралу үшін

Опциялар мәзірінен [Previous page] (Алдыңғы бет) опциясын таңдаңыз. [Previous page] (Алдыңғы бет) опциясын таңдаған кезде алдыңғы бет пайда болмаса, опциялар мәзірінен [Window List] (Терезелер тізімі) опциясын таңдаңыз, сосын тізімнен қайтқыңыз келген бетті таңдаңыз.

### Интернет браузерінен шығу үшін

HOME түймесін басыңыз.

## Интернет браузерін көрсету

DISPLAY түймесін басып, веб-сайт туралы ақпаратты тексеруге болады. Көрсетілетін ақпарат веб-сайт пен бет күйіне байланысты ерекшеленеді.




1 Бет тақырыбы

2 Бет мекенжайы

3 Меңзер
←/↑/↓/→ басу арқылы жылжытыңыз. Көретін сілтемеге меңзерді қойып, ENTER түймесін басыңыз. Сілтемедегі веб-бет көрсетіледі.

4 SSL белгішесі
Веб-сайт қорғалғанда және қауіпсіз қосылғанда көрсетеді.

5 Сигнал күшінің индикаторы (тек сымсыз желіге қосылу)

6 Орындалу жолағы/Жүктеу белгішесі
Бетті оқып жатқанда немесе файл жүктеу/тасымалдау кезінде пайда болады.

7 Мәтін енгізу жолағы
ENTER түймесін басып, бағдарламалық жасақтама пернетақтасын көрсету үшін мәзірден [Input] (Кіріс) опциясын таңдаңыз.

8 Жылжу жолағы
Бет көрінісін солға, жоғары, төмен не оңға қарай жылжыту үшін ←/↑/↓/→ көрсеткілерін басыңыз.

## Қолжетімді опциялар

OPTIONS түймесін басқанда, әр түрлі параметрлер мен әрекеттер қолжетімді болады. Қолжетімді элементтер жағдайға байланысты ерекшеленеді.

- **[Browser Setup] (Браузерді орнату):** Интернет браузерінің параметрлерін көрсетеді.
  - [Zoom] (Масштабтау): Көрсетілген мазмұнның өлшемін арттырады не кемітеді.
  - [JavaScript Setup] (JavaScript орнату): JavaScript қосады не өшіреді.
  - [Cookie Setup] (Куки файлдарын орнату): Куки файлдарын қабылдау не қабылдамау керектігін белгілейді.
  - [SSL Alarm Display] (SSL дабылын көрсету): SSL қосады не өшіреді.
- **[Input] (Кіріс):** Веб-сайтты қарап жатқанда бағдарламалық құрал пернетақтасын көрсетеді немесе таңбалар енгізеді.
- **[Break] (Үзіліс):** Меңзерді мәтін енгізу жолағында келесі жолға жылжытады.
- **[Delete] (Жою):** Мәтін енгізу кезінде меңзердің сол жағындағы бір таңбаны өшіреді.
- **[Window List] (Терезелер тізімі):** Ашылып тұрған веб-сайт терезелерінің тізімін көрсетеді. Терезені таңдау арқылы алдында көрсетілген веб-сайтқа қайтуға мүмкіндік береді.
- **[Bookmark List] (Бетбелгілер тізімі):** Бетбелгілер тізімін көрсетеді.
- **[URL entry] (URL енгізу):** Бағдарламалық құрал пернетақтасы көрсетілгенде URL енгізуге мүмкіндік береді.
- **[Previous page]/[Next page] (Алдыңғы бет/Келесі бет):** Алдыңғы/келесі бетке жылжытады.
- **[Cancel loading] (Жүктеуден бас тарту):** Бет жүктеуді тоқтатады.
- **[Reload] (Қайта жүктеу):** Бір бетті қайта жүктейді.
- **[Add to Bookmark] (Бетбелгілер тізіміне қосу):** Көрсетіліп тұрған веб-бетті бетбелгілер тізіміне қосады.
- **[Set as start page] (Бастапқы бет ретінде орнату):** Көрсетіліп тұрған веб-сайтты әдепкі бастапқы бет етіп белгілейді.
- **[Open in new window] (Жаңа терезеде ашу):** Сілтемені жаңа терезеде ашады.
- **[Character encoding] (Таңбалық код):** Таңбалық кодты белгілейді.
- **[Display certificate] (Куәлікті көрсету):** SSL қолданылатын беттерден жіберілген сервер куәліктерін көріңіз.

# Параметрлер дисплейін пайдалану

Ойнатқыштың параметрлерін өзгерту керек болғанда басты мәзірдегі [Setup] (Орнату) тармағын таңдаңыз.
Әдепкі параметрлердің асты сызылады.

**1** **Басты мәзірдегі [Setup] (Орнату) тармағын ←/→ арқылы таңдаңыз.**

**2** **Орнату санатының белгішесін ↑/↓ арқылы таңдап, ENTER түймесін басыңыз.**

# Бағдарламалық құралды жаңарту

### ■ [Update via Internet] (Интернет арқылы жаңарту)

Қолжетімді желі арқылы ойнатқыштың бағдарламалық құралын жаңартады. Желінің Интернетке қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. Мәліметтерді «2- қадам: Желіге қосылуға дайындау» (17-бет) бөлімінен қараңыз.

### ■ [Update via USB Memory] (USB жады арқылы жаңарту)

